



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

бостандығы жеке кәсіпкерлікті қолдау және қорғау; шаруашылық серіктестіктердің; акционерлік қоғамдарды, өндірістік кооперативтерді мемлекеттік кәсіпорындарды жеке кәсіпкерлікті, қожалық шаруашылықтарды, әлеуметтік экономикалық аймақтарды дамыту; лицензиялау, заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу; шағын кәсіпорынды мемлекеттік қолдау, азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтарын қорғау.

Қорыта келе, Қазақстанда құрылған кәсіпкерлік субъектілерінің басым бөлігі сауда саласында қызмет жасайды. Өйткені сауда немесе коммерциялық бизнес басқа бизнес түрлеріне қарағанда жақсы дамыған. Бұның дәлелі, Қазақстан қалаларындағы әр түрлі дүкендер мен базарлар саны. Ұзақ мерзімде кәсіпорындар тек саудамен ғана емес, экономиканың әр саласында жұмыс істеуі қажет. Сол үшін мемлекеттік органдар кәсіпкерлік субъектілеріне жан-жақты көмек көрсетуі қажет. Жалпы кәсіпкерліктің экономикалық белсенділігі мен әлеуметтік бағдар ұстауының кепілі оның өздігінен қоғамның орташа топтарына жататындығы емес, оның дәулеті мен тұрмысының нақты шынайы меншікке негізделуі болып табылады. Қазір уақытта шағын кәсіпорындар жұмыс істеп тұрған барлық шаруашылық жүргізуші субъектілердің 80 пайызын құрайды. Сонымен бірге кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған шешімдерді орындауда іркіліс байқалады. Бұл жерде басты себеп – бюрократиялық қысымдар. Осындай және басқа да себептерге байланысты кәсіпкерлер бөлігі жасырын салаға өтіп жатыр. Осы жағдайда ескеретін жәйт, кәсіпкерлердің құқығын қорғайтын жүйе жасау, тексеруші органдардың және рұқсат беруші құжаттардың санын азайту. Осыған байланысты Елбасының жарлығында аталған бюрократиялық қысымдарға, яғни шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін орынсыз тексерулерге 2014 жылдың соңына дейін мораторий жарияланған болатын. Ал 2015 жылдың 1-ші қаңтар айынан бастап, кәсіпкерлік заңнамасын мүмкіндігі жағынан аса көп бұзған кәсіпкерлік субъектілерге жоспарлы тексерулер болатындығын ескерткен болатын.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодесі, Жалпы бөлім, 27.12.1994 // (өзгертулер мен толықтырулармен 09.09.2011).
2. Грузинов В., Грибов В. Предпринимательство формы и методы организации предпринимательской деятельности // Экономика предприятия. – М., 2002г. // 112 бет
3. Қазақстан Республикасы «Жеке кәсіпкерлік туралы» Заңы, 31.01. 2006 // www.adilet.zan.kz
4. Қазақстан Республикасының 16.01.2001 ж. «Өндірістік кооператив туралы» Заңы// www.adilet.zan.kz
5. Право и предпринимательство в Республике Казахстан. - Алматы: Жеті жарғы, 1994. // 144 бет.

ӘОЖ 346.26 (574)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ БАНКРОТТЫҚ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Оразалиев Кайырбек Уткирулы

Kair1259batyl@yandex.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Заң факультеті экологиялық және кәсіпкерлік құқық
кафедрасының аға оқытушысы, құқықтану магистрі
Астана, Қазақстан

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтің Қазақстан халықына жолдауында «Қазақстан-2050» Стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыттарын көрсеткен болатын. Онда кәсіпкерлікті – ұлттық экономиканың жетекші күшін жан-жақты қолдау туралы өз пікірлерінмен бөлісті. Жаңа экономикалық бағыттың қозғаушы

күшіне отандық кәсіпкерлікті дамытуға және олардың инфрақұрлымын жетілдіруге бағытталуына, сондай-ақ, шағын және орта бизнестің экономикадағы үлесі 2030 жылға қарай, ең аз дегенде, екі есе өсуге тиіс делінген. Осыған орай, біз адамға ол үшін мемлекет барлық проблемаларын шешіп беруін күтпей, өзін бизнесте сынап көруге, елде жасалып жатқан экономикалық өзгерістерге толыққанды қатысушыға айналуына жағдай туғызуымыз керек. Оған іскерлік мәдениетінің деңгейін көтеру мен кәсіпкерлік бастаманы ынталандырудың маңызы үлкен. Бұл мақсаттарға жету үшін төмендегідей шаралар қажет:

- Шағын және орта бизнестің бірлестіктер мен кооперацияларға ұмтылысын көтермелеу, оларды қолдау мен көтермелеудің жүйесін жасау.

- Жергілікті бизнес-бастамаларды көтермелеу және мейлінше аз, бірақ қатаң реттеу есебінен ішкі нарықты дамыту.

- Бизнеске жасанды бөгеттер тудыратын мемлекеттік шенеуніктер үшін жаңа, әлдеқайда қатаң жауапкершілік жүйесін енгізуді қарастыру.

- Жаңа жағдайларды, соның ішінде біздің Еуразиялық экономикалық кеңістікке қатысуымызды, алда Дүниежүзілік сауда ұйымына (ДСҰ) кіретінімізді ескере отырып, отандық кәсіпкерлерді қолдау тетіктерін жетілдіру және олардың мүдделерін қорғау мен ілгерілету үшін қажетті барлық шараны қабылдауды білдіреді.

Бүгінгі күннің міндеті – ұсақ кәсіпорындар мен жеке кәсіпкерлерді орта деңгейге көшіру үшін жағдай және алғышарттарды қалыптастыру қажет. Өкінішке қарай, қазіргі уақытта шағын және орта бизнеске салық салу жүйесіндегі қиғаштықтар олардың дамуы мен өсуіне кедергі келтіруде. Осыған байланысты, Елбасы Үкіметке 2013 жылдың бірінші жарты жылдығының соңына дейін Қазақстан азаматтарының өмір-тіршілігі қауіпсіздігіне тікелей ықпал етпейтін барлық рұқсаттар мен лицензияларды қайтарып алып, оларды хабарландырумен ауыстыруды тапсырған болатын[1]. Ал бұл шараларды орындай алмаған кәсіпкерлерге тиісінше жауапкершілік шаралары қолданылады. Бұл жауапкершіліктің қолданылу шарасы кәсіпкердің дәрменсіздігімен түсіндіріледі.

Қазіргі кезде Қазақстан заңдылығында, ұмытылған немесе біздің отандық құқықтық институттар қолданылады. Солардың бірі ретінде банкроттық институты танылады. Банкроттықтың құқықтық механизмін кешенді институт ретінде қарастыруға болады. Ол заңды және жеке тұлғалардың дәрменсіз жағдайын реттеуші азаматтық материалдық және азаматтық процессуалдық құқық нормаларының жиынтығынан тұрады.

Заңды тұлғаның таратылуы тоқтатылудың екінші нысаны. Соңғы уақытта бұл мәселе өте өзекті бола бастады. Бұл көбінесе таратудың банкроттылығымен байланысты[2]. Заңды тұлғаның тарату – бұл жаңа заңды тұлғаның пайда болуын және құқықтық мирасқорларына құқықтар мен міндеттердің өтуін көздемейтін заңды тұлғаның қызметін тоқтату. Заңды тұлғаны таратудың негіздемелерін екі топқа жіктеуге болады.

- ерікті түрде тарату;

- ықтиярсыз тарату[3].

Соттың шешімі бойынша заңды тұлға:

- 1) банкрот болған;

- 2) заңды тұлғаны құру кезінде заңдардың түзетуге келмейтін сипатта бұзылуына жол берілуіне байланысты оны тіркеу жарамсыз деп танылған;

- 3) заңды тұлғаның жарғылық мақсаттарына қайшы келетін қызмет үнемі жүзеге асырылған;

- 4) тиісті рұқсат алынбаған (лицензиясыз) қызметті, не заң құжаттарында тыйым салынған қызметті жүзеге асырған, не қызметін заңдарды бірнеше рет немесе өрескел бұза отырып жүргізген жағдайларда, соның ішінде заңда белгіленген табыс ету мерзімінен кейін бір жыл өткен соң корпорациялық табыс салығы туралы (жиынтық жылдық табыс пен жасалған шегерімдер туралы) декларация немесе оңайлатылған декларация табыс етпеген, заңды тұлғаның кредиторлары, заңды тұлға орналасқан жері бойынша немесе нақты мекен-жайы бойынша болмаған, сондай-ақ, заңды тұлға бір жыл ішінде оларсыз жұмыс істей алмайтын құрылтайшылар (қатысушылар) және лауазымды адамдар болмаған;

5) заң құжаттарында көзделген басқа да жағдайларда таратылуы мүмкін.

Банкроттық заңды тұлғаның таратудың бір негізі болып табылады.

Банкроттық деп борышкердің соттың шешімімен танылған оны таратуға негіз болып табылатын дәрменсіздігі түсініледі.

7 сәуір 1995 жылғы банкроттық үрдісін реттейтін Қазақстандық нормативтік-құқықтық базасы экономикалық жағдайда әрекет қабілетсіз болып, ірі кәсіпорындардың банкрот болудан қорықпай төлемеушілік дағдарысын ұлғайта бастады. Бірақ жыл сайын сотпен қаралатын дәрменсіздік жөніндегі істердің өсуіне қарап, Қазақстанда шаруашылық айналымының қатысушылары арасында экономикалық қатынастардағы банкроттық институтының алдыңғы орында екендігін куәландырды. “Егеменді Қазақстан”, “Заң газетінде” жарияланған банкрот болған заңды тұлға қаншама болатын.

Қазіргі уақытта банкроттықты реттейтін нормативті акті 2014 жылғы 7 наурыздағы қабылданған Қазақстан Республикасының “Оңалту және банкроттық туралы” заңы болып табылады.

Аталған негіздемелер бойынша тарату үрдісі тек белгілі бір заңды тұлғаларға ғана қолданатынын айтып кеткен жөн. Банкроттық рәсімі қазыналық кәсіпорындарға қолданылмайды, өйткені олар коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдардың қасиеттерін иемдене отырып, олардың әрекеттері бойынша меншік иесі (Қазақстан Республикасы) субсидиарлық жауапта болады.

Банкрот деп тану жөнінде сотқа арыз беруге несие беруші және меншік иесі, сонымен бірге заңда көрсетілген реттерде өзге тұлғалар құқылы. Дәрменсіздік жөніндегі талап-арызды кімнің беруіне байланысты заң оның мазмұнын түрліше бекітеді. Заңды тұлғалардың әдейі немесе жалған банкрот болуы аса кең таралған. Бұл банкроттықтың түрлеріне Оңалту және банкроттық туралы заңның 1-ші бабында түсініктеме берілген:

Әдейі банкроттық - заңды тұлға құрылтайшысының (қатысушысының), лауазымды адамының, органдарының, сол сияқты дара кәсіпкердің жеке мүдделері үшін немесе өзге де тұлғалардың мүдделері үшін жасаған әрекеттері (әрекетсіздігі) нәтижесінде төлем қабілетсіздігін қасақана жасауы немесе ұлғайтуы;

Жалған банкроттық – кредиторларға тиесілі төлемдердің мерзімін кейінге қалдыру немесе ұзарту немесе борыштардан жеңілдіктер алу үшін, сол сияқты борыштарды төлемеу үшін кредиторларды жаңылыстыру мақсатымен заңды тұлға құрылтайшысының (қатысушысының), лауазымды адамының, органдарының, сол сияқты дара кәсіпкердің әрекеттері және (немесе) қабылдаған шешімдері нәтижесінде өзінің төлем қабілетсіздігі туралы көрінеу жалған хабарлау;

Әкімші әдейі немесе жалған банкроттық белгілері анықталған кезден бастап бір ай мерзімде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының “Оңалту және банкроттық туралы” Заңның 47- бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген негізде прокурордың өтініші бойынша банкрот деп танылған жағдайларда, тиісті тұлғаларды Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылыққа тарту үшін құқық қорғау органдарына жүгінуге міндетті[4].

Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңның 4 бабы соттан тыс тарату рәсімін қарастырады. Бірақ, біздің ойымызша ол әдейі банкрот болуға барлық жағдайлар жасайды деп ойлаймыз, егер де тарату әрекеттері барлық жағдайда сот арқылы жүзеге асырылып отырса, бұл жалған банкроттықты алдын алудың бір жолы болушы еді.

Банкроттықтың субъектілері: коммерциялық, коммерциялық емес заңды тұлғалар және жеке кәсіпкерлер. Басқа да ТМД - мемлекеттеріндегідей Қазақстандағы заңды тұлғалардың банкроттығына байланысты материалдар жинақталған. Ал азаматтардың яғни жеке кәсіпкерлердің банкроттығы тиісті дәрежеде емес. Оған себеп - жеке кәсіпкерлердің банкроттығы туралы заңның тәжірибелі қолданылмауында.

Көпшілік азаматтар тіпті банкроттық институты жайлы толық түсіне бермейді. Сонымен қатар, банкроттық шаралары туралы да білмейді.

Борышкердің - жеке кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның ақшалай міндеттемелер бойынша несие берушілердің талаптарын қанағаттандыра алмауы, еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін адамдармен еңбегіне ақы төлеу жөнінде есеп айырыса алмауы, сондай-ақ бюджетке және бюджеттен тыс қорларға міндетті төлемдерді қамтамасыз ете алмайтын қабілетсіздігі деп түсініледі.

Банкроттық сот тәртібімен немесе борышкердің несие берушімен өзара келісу нәтижесінде жүзеге асырылады. Борышкердің банкроттығы туралы өтінішті сотқа беруге борышкердің борышты төлемеу қабілетсіздігі негіз болады.

Борышкер өз міндеттерін 3 ай мерзім ішінде орындамаса ол төлемдерді төлеу қабілетсіз деп танылады.

Борышкердің сотқа өз банкроттығы туралы өтініш беруі оның дәрменсіздігін көрсетеді.

Жеке кәсіпкерді банкрот деп тануға өтінішті борышкер, несие берушілер және салық органдары және басқа да өкілетті мемлекеттік органдар бере алады.

Борышкердің - жеке кәсіпкердің өзін банкрот деп тану туралы өтінішті сотқа оның кәсіпкерлік қызметі тіркелген жерінде беріледі, ал егер қызметі тіркелмеген болса онда оның тұрғылықты жері бойынша, біріккен кәсіпкерлікте – жеке кәсіпкерлердің біреуінің тұрғылықты жері бойынша беріледі.

Жеке кәсіпкердің өзінің банкроттығы туралы өтінішіне азамат өзі, біріккен кәсіпкерлікте – барлық қатысушысы немесе өкілдері қол қояды. Өтініште барлық қажетті мағлұматтар қарастырылуы керек.

Борышкерді банкрот деп тану туралы несие берушінің өтініші банкрот туралы заңның талаптарына сай болуы тиіс.

Жеке кәсіпкердің банкроттығы туралы істі қозғау және қарау, заңды тұлғаларға қатысты, тәртіп бойынша келесі ерекшеліктерде жүзеге асырылады:

- банкроттық туралы іс, борышкердің несие берушіге беруге тиісті ақша мөлшеріне қарамастан сотпен қарастырылады.

- несие берушінің мүддесін қанағаттандыру мақсатында сот борышкердің банкроттығы туралы істі қозғаған сәттен бастап оның мүлкін тәркілейді. Сонымен қатар оның ортақ мүліктегі үлесіне де.

- борышкердің өтініші бойынша сот істі қарауды 1 айға дейінгі мерзімде тоқтата тұра алады. Яғни белгілі бір келісімге келгенше.

- борышкердің – жеке кәсіпкердің банкроттығы туралы істі қозғауда соттың ақша соммаларды немесе мүлікті тіркелуі туралы шешім борышкердің кәсіпкерлік қызметіне байланысты емес заттарына қолданылмайды.

- кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес, міндеттердің атқарылуы және борышкердің төлемдері сот шешімі шыққанға дейін тоқтатыла тұрады.

- борышкердің мәмілелерді жарамсыз деп тануы сотпен және өз бастамашылығымен немесе мұқтажды тұлғалардың өтініші бойынша Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің немесе банкроттық туралы заң негізінде жүзеге асырылады.

- банкроттық туралы заңдарда заңды тұлғалар үшін көзделген негіздер бойынша борышкер банкрот деп танылғанға дейін мүлік қайтарылған және оның мәмілелерінің жарамсыздығы танылған кезде банкроттық туралы іс қозғалғанға дейінгі бір жыл ішінде жеке кәсіпкердің жұбайына, тікелей алдыңғы және кейінгі буындағы туыстарына, апа-сіңілеріне, аға-інілерін және олардың төменгі буындағы туыстарына, жұбайының тікелей алдыңғы және кейінгі буындағы туыстарына, апа-сіңілеріне, аға-інілеріне берілген мүлікті қайтару талап етілуі мүмкін. Жеке кәсіпкердің банкроттығы туралы іс бойынша іс қозғалғаннан кейін сот борышкердің оңалту рәсімін қолдану туралы өтінішін қанағаттандыра алады[4].

Жеке кәсіпкердің банкроттығы туралы істер бойынша оңалту рәсімі банкроттық туралы заңдарда заңды тұлғалар үшін белгіленген ережелер бойынша мынадай ерекшеліктерді сақтай отырып жүргізіледі:

- оңалту жоспарын банкроттық туралы іс бойынша іс жүргізуді сот кейінге қалдырған кезден бастап 1 ай ішінде борышкер – жеке кәсіпкер не оңалту басқарушысына кандидат әзірлейді және талап ету сомасы олардың талап ететін жалпы сомасының кемінде 2/3 бөлігін құрайтын конкурстық және кепілдік несие берушілердің келісімі болған жағдайда сот бекітеді;

- талап ету сомасы олардың талап ететін жалпы сомасының кемінде 2/3 бөлігін құрайтын кепілдік және конкурстық несие берушілердің келісімімен сот оңалту басқарушысының тағайындамай, борышкердің өз мүлкі мен істерін басқаруын сақтап қала алады.

Сот жеке кәсіпкерді банкрот деп тану туралы шешім шығарған кезден бастап мынадай салдарлар болады:

- кәсіпкерлік қызметке байланысты міндеттерді орындау мерзімдері басталған болып саналады.

- кәсіпкерлік қызметке байланысты банкрот берешегінің барлық түрлері бойынша өсім мен проценттер есептеу тоқтатылады.

- борышкердің барлық орындаушылық құжаттар бойынша өндіріп алу тоқтатылады, бұған өміріне немесе денсаулығына зиян келтіргені үшін борышкер жауап беретін азаматтардың талаптары бойынша, сондай-ақ алименттер өндіріп алу туралы талаптар бойынша орындаушылық құжаттар қосылмайды:

- сот шешімімен кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға берілген лицензияның қолданылуы тоқтатылады.

Сот орталық әділет органының ресми баспасөз басылымдарының бірінде жеке кәсіпкерді банкрот деп тану туралы хабарландыру жариялайды. Хабарландыруда несие берушілердің сотқа талап беру мерзімі көрсетіледі, ол хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзімнен кем болмауға тиіс.

Сот несие берушілердің тыс заңның 42-бабында 2-тармақшасында көзделген мерзімдерде мәлімделген талаптарын қарайды, қарау нәтижелері бойынша сот несие берушілердің мәлімделген талаптарының мөлшері және оларды қанағаттандыру тәртібі туралы ұйғарым шығарады[4].

Сот ұйғарымында кәсіпкерлік қызметке байланысты емес, тиісті шешім шығарғанға дейін сотқа берілген міндеттемелер бойынша несие берушілердің талаптарын қанағаттандыру тәртібі де белгіленеді.

Сот депозитіне есептелген сомада несие берушілердің талаптары қанағаттандырылғанға дейін сот шығындары, сондай-ақ тағайындалған жағдайда әкімшіге, оңалту конкурстық басқарушыларға сыйақы төлеу жөніндегі шығындар жабылады.

Несие берушілердің талаптары Қазақстан Республикасы азаматтық кодексінің жалпы бөлімінің 21- бабында белгіленген кезек бойынша қанағаттандырылады[2].

Өртүрлі кезектегі несие берушілердің талаптарын қанағаттандырудың көлемі мен тәртібі Банкроттық туралы Қазақстан Республикасы заңында белгіленген ережелер бойынша айқындалады.

Несие берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған мүлік борышкерге қайтарылады не бірлескен кәсіпкерлік жағдайында осы заңның, яғни, Жеке кәсіпкерлік туралы заңның 37-бабының 3-тармақшасында көзделген ережесі бойынша қатысушылар арасында бөледі[5].

Қорындылай келетін болсақ, банкрот деп таңылған борышкер несие берушілермен есеп айырысып болғаннан кейін, кәсіпкерлік қызметке байланысты қалған міндеттемелерді орындаудан босатылады, бұған банкрот деп жарияланған тұлға өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жауап беретін азаматтардың талаптары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жеке сипаттағы өзге де талаптар қосылмайды.

Кәсіпкерлік қызметке байланысты міндеттемелері жоқ талаптар, егер мұндай талаптар конкурстық мүліктен толық көлемде қанағаттандырылмаған болса, күшін сақтап қалады және банкроттық рәсімдер аяқталғаннан кейін жеке адам ретінде борышкерге өндіріп алуға

қойылуы мүмкін. Бұл талаптың мөлшері борышкердің банкроттығы процесте алынып, қанағаттандыратын сомаға кемітіледі[6].

Борышкер жеке кәсіпкерлігінің жарамсыздығы туралы орталық әділет органының бір ресми басылымында хабарлануы керек және өзінің жеке кәсіпкерлік қызметін тоқтатуы жөнінде тіркеуші органға өтініш беруі керек.

Несие берушілермен келісімге келгеннен кейін Жеке кәсіпкерлік туралы заңының 42-бабының 7-тармағындағы жағдайлар жүзеге асырылады. Жеке кәсіпкерліктің банкроттығының кейбір ерекшеліктері міне осындай. Әлі де болашақта Қазақстан сот тәжірибесінде мұндай істер өз орнын алады. Сонымен қатар, біздің қоғамымызда несиелік қатынастардың дамуына байланысты тұтынушылық банкроттықтың қажеттігі туындайды. Сонда банкроттықтың субъектілері болып ақшалық міндеттемелерге ие тұлғалар да, яғни, кәсіпкерлік қызметпен байланыспайтын азаматтар табылады. Алайда, әлі негізгі мақсат әрекет етуші процессуалдық нормаларды жүзеге асыруын жетілдіруді қажеттейді[5].

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтің Қазақстан халқына жолдауында «Қазақстан-2050» Стратегиясы-қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыттары. Астана, Ақорда, 2012 жыл 14 желтоқсан.
2. Гражданское право: Учебник./ Под ред. Цыбуленко З.И. – М.: Юрист, 1998 г. 85 с.
3. Қазақстан республикасының азаматтық кодексі (жалпы бөлім) (2014.07.03. берілген өзгерістер мен толықтырулармен).
4. Оңалту және банкроттық туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 7 наурыздағы № 176-V ҚРЗ.
5. «Жеке кәсіпкерлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 31.01. 2006 жыл. // www.zakon.kz.
6. Лаптев В.В. Некоторые проблемы предпринимательского (хозяйственного) права //Государство и право. - 2005. - №5. - С. С. 102-110.

УДК 10.23.3

О НЕКОТОРЫХ ВОПРОСАХ ПРАВОВОГО ОБЕСПЕЧЕНИЯ ГОСУДАРСТВЕННОГО ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Сапарбек Даирхан Нурланулы, Жубанова Гулсезим Нурлановна
dairkhan.saparbek@mail.ru

студенты юридического факультета Казахского Национального
Университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан
Научный руководитель – к.ю.н., доцент А.Б. Омарова

После обретения Казахстаном независимости, в стране начинается процесс активного развития предпринимательства, как частного, так и государственного. С тех пор вопросы правового обеспечения предпринимательской деятельности никогда не теряли свою актуальность. Сегодня они также вызывают интерес, и в частности, правовые аспекты государственного предпринимательства.

Согласно пункту 1 статьи 10 Гражданского кодекса Республики Казахстан (далее – ГК РК), предпринимательство - это инициативная деятельность граждан и юридических лиц, независимо от формы собственности, направленная на получение чистого дохода путем удовлетворения спроса на товары (работы, услуги), основанная на праве частной собственности (частное предпринимательство) либо на праве хозяйственного ведения или оперативного управления государственного предприятия (государственное